



Eurasian Perspective

at the Department of Philology

Kazakh State Women's Pedagogical University

**"6D020500 - Philology" proposed to dissertation Board Doctor of Philosophy (PhD)
Murzinova Aigul "Peculiarities and communicative nature of national and cultural
stereotypes (based on the national and cultural values of the Kazakh, Russian and
English languages)" written overview of foreign scientific advisor**

National and cultural stereotypes play a special role in strengthening intercultural relations between the peoples of the world. National and cultural stereotypes can be considered as a means of expressing the unique system of values of each ethnic group. In this regard, the problem of determining the axiological basis of national and cultural stereotypes in linguistics arises. The relevance of the research work is based on the consideration of the phenomenon of "national and cultural stereotype" in the system of new scientific paradigms. The theoretical conclusions of the dissertation are based on research in world and domestic linguistics. In the course of the study, theoretical and methodological prerequisites for the phenomenon of "national-cultural stereotype" were developed, its relationship with linguo-cultural concepts was differentiated, and its linguo-axiological and linguo-communicative characters were determined. National and cultural stereotypes in the Kazakh, Russian, and English languages taken as the main object of the dissertation research are considered as axiological stereotypes that represent the world of material and spiritual values of each ethnic group and their scientific conclusions are drawn. Recognizing the axiological stereotypes as stable linguistic symbols with national-cultural content (phraseology, stable epithet, metaphor, metonymy, synecdoche, paremia), the researcher considers them as a linguistic and communicative unit with ethno-cultural components (chrematonyms and scriptonyms). Therefore, the main aspect of the dissertation is the study of the nature of national and cultural stereotypes from the linguo-cultural, cognitive, axiological, communicative point of view.

The author presents a new classification of the national and cultural stereotype as a linguo-axiological model, differentiating the classification of stereotypes created in world and domestic linguistics. By studying the following five structural features of axiological stereotypes in the Kazakh, Russian, and English languages in interconnection: (1) the core of stable language symbols that link the chrematonym and the concept or scriptonym and the concept; 2) the national and cultural code that forms the image of stable language symbols; 3) the background indicator of knowledge fixed in stable language symbols – the national and cultural frame; 4) the semantics of stable language symbols (language and cultural); 5) study the layer of axiological meanings (positive/negative, ethical, aesthetic, utilitarian, intellectual, psychological, valeological, parametric, etc.) of stable language symbols that form an associative image, the researcher determines their national and cultural features by a contrasting method.

In the dissertation research, chrematonymic and scriptononymic axiological stereotypes, which are evidence of the identity of each ethnic group (Kazakh, Russian,

English), are analyzed as a manifestation of material, spiritual culture and evaluated as a linguistic value that preserves elements of national and cultural code.

The author divides chrematonymic (documentary material culture) axiological stereotypes in the Kazakh, Russian, and English languages into semantic groups with the main components of "house, shelter", "household item", "vestonymic", "gastronomic", "musical instrument", and scriptonymic (documentary spiritual culture) axiological stereotypes into semantic groups with the main components of "ritual", "religious ceremony", "holiday", "game" and analyzes their linguistic and cultural features. The scientific analysis of axiological stereotypes (chrematonym and scriptonym) of the function of the language communication between the communicator and the communicant is carried out with the help of concrete evidence.

If we take into consideration that the main theoretical basis of modern world linguistics is the special emphasis on cognitive, cultural, axiological, and communicative functions of the language, the scientific results and conclusions drawn by the researcher as a result of studying the national-cultural stereotype as an axiological stereotype and studying it in linguo-cultural, cognitive, axiological, and communicative areas are highly appreciated.

The scientific results obtained by the author in the dissertation are devoted to a topical issue in modern linguistics. The dissertation research is aimed at solving theoretical and applied problems.

The scientific findings of the researcher, aimed at connecting them with the material and spiritual culture of the Kazakh, Russian, and English peoples, can contribute to the solution of the problems of linguo-cultural studies with anthropocentric direction, cognitive linguistics, linguo-axiology, linguo-communication and intercultural communication.

In conclusion, it should be noted that the dissertation research of Murzinova Aigul on "Peculiarities and communicative nature of national and cultural stereotypes (based on the national and cultural values of the Kazakh, Russian and English languages)" submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) on the specialty "6D020500 - Philology" fully corresponds all requirements of research work. Therefore, I believe that its author Murzinova Aigul can be awarded the degree of Doctor of Philosophy (PhD).

Foreign scientific
advisor:
PhD, professor

LURASIAN PERSPECTIVE **Robert Ermers**
F.O. BOX 256
11-5300 AG BOXMILLER

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы
«6D020500-Филология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне
ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
Мурзинова Айгуль Сериковнаның
«Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты
(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)»
тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына шетелдік ғылыми
кеңесшінің**

ПІКІРІ

Әлем халықтарының мәдениетаралық қатынасын нығайтуда ұлттық-мәдени стереотиптер айырықша қызмет атқарады. Ұлттық-мәдени стереотиптерді әр этностың бірегей құндылықтар жүйесін таныту құралы деуге болады. Осыған орай, тіл ғылымында ұлттық-мәдени стереотиптердің аксиологиялық негізін айқындау мәселесі туындап отыр. Зерттеу жұмысының өзектілігі де жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі «ұлттық-мәдени стереотип» феноменін қарастыруға негізделген. Диссертацияның теориялық тұжырымдары әлемдік және отандық тіл ғылымындағы зерттеулерге сүйене отырып берілген. Зерттеу барысында «ұлттық-мәдени стереотип» феноменінің теориялық-әдіснамалық алғышарттары жасалып, оның лингвомәдениеттанулық ұғымдармен байланысы сараланып, лингвоаксиологиялық, лингвокоммуникативтік сипаты айқындалған. Диссертациялық зерттеудің басты нысаны ретінде алынған қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптер әр этностың заттық және рухани құндылықтар әлемін танытатын аксиологемалық стереотиптер ретінде қарастырылып, олардың ғылыми тұжырымдары жасалған. Ізденуші аксиологемалық стереотиптерді – ұлттық-мәдени мазмұнды тұрақты тілдік таңбалар (фразеологизм, тұрақты теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) деп тани отырып, оларды этномәдени компоненттері (хрематонимдер мен скриптонимдер) бар тілдік және коммуникативтік бірлік ретінде қарастырады. Демек, диссертациялық жұмыстың негізгі аспектісі – ұлттық-мәдени стереотиптердің табиғатын лингвомәдени, танымдық, аксиологиялық, коммуникативтік тұрғыдан зерделеуге бағытталған.

Автор әлемдік және отандық тіл ғылымында жасалған стереотиптер классификациясын саралай отырып, ұлттық-мәдени стереотиптің лингвоаксиологиялық модель ретіндегі тың классификациясын ұсынады.

Ізденуші қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотиптердің бес құрылымдық (1) хрематоним мен түсінікті немесе скриптоним мен түсінікті байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалардың өзегі; 2) тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; 3) тұрақты тілдік таңбаларда бекіген аялық білім көрсеткіші – ұлттық-мәдени фрейм; 4) тұрақты тілдік таңбалар семантикасы (тілдік және мәдени); 5) тұрақты тілдік таңбалардың ассоциативті бейне түзетін аксиологиялық мәндері (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық, валеологиялық, параметрлік және т.б.) қабатын

сабақтастыра зерттеп, олардың ұлттық-мәдени ерекшелігін контрастивті әдіс арқылы анықтайды.

Диссертациялық зерттеуде әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіндік ерекшелігінің дәлелі саналатын хрематонимді және скриптонимді аксиологемалық стереотиптер заттық, рухани мәдениеттің көрінісі ретінде талданып, бойына ұлттық-мәдени код элементтерін сақтаған тілдік құндылық ретінде бағаланған.

Автор қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі хрематонимді (заттық мәдениет деректі) аксиологемалық стереотиптерді «үй, баспана», «тұрмыстық зат», «вестонимдік», «гастронимдік», «музыкалық аспап» тірек компонентті стереотиптер, ал скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотиптерді «салт-дәстүр», «діни рәсім», «мереке», «ойын» тірек компонентті стереотиптер деп семантикалық топтарға бөліп алып, олардың құрылымдық және лингвомәдени ерекшеліктерін талдайды. Аксиологемалық стереотиптердің (хрематонимді және скриптонимді) коммуникатор мен коммуникант арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыру қызметіне ғылыми талдау жасай отырып, нақты дәлелдерін мысалдар арқылы анықтап көрсетеді.

Қазіргі кездегі әлемдік тіл ғылымының басты теориялық негізі тілдің танымдық, мәдени, аксиологиялық, коммуникативтік қызметтеріне айрықша мән беру екенін ескерсек, диссертанттың ұлттық-мәдени стереотипті аксиологемалық стереотип ретінде зерделеп, оны лингвомәдени, танымдық, аксиологиялық және коммуникативтік бағытта зерттеу нәтижесінде жасаған ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі жоғары деп бағаланады.

Автордың диссертацияда алған ғылыми нәтижелері қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселеге арналған. Диссертациялық зерттеу теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталған.

Ізденушінің қазақ, орыс, ағылшын халықтарының заттық, рухани мәдениетімен байланыстыруды мақсат еткен ғылыми тұжырымдары антропоөзекті бағыттағы лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, лингвоаксиология, лингвокоммуникация, мәдениетаралық коммуникация мәселелерін шешуге, қағидаларын айқындауға өз деңгейінде үлес қоса алады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациясы зерттеу жұмысының талаптарына толық сәйкес келеді. Сондықтан оның авторы Мурзинова Айгуль Сериковнаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

PhD, профессор

Лейден университеті,

Нидерланды

Роберт Эрмерс

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Екі мың жиырмасыншы жылғы желтоқсан айының сегізі.

Бұл құжаттың ағылшын тілден қазақ тілге аудармасын аудармашы Дияншина Эльвира Шамильевна жасады.

Дияншина Эльвира Шамильевна

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Екі мың жиырмасыншы жылғы желтоқсан айының сегізі.

Мен, Алматы қаласының нотариусы Егемберді Заңғар Төрегелдіұлы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру Комитеті 26.12.2006 жылы берген № 0000703 мемлекеттік лицензия негізінде әрекеттене отырып, өзіме танымал Дияншина Эльвира Шамильевнаның менің көзімше қойған қолтаңба түпнұсқалығын куәландырамын. Құжатқа қол қоюшының жеке басы анықталып, әрекет қабілеттілігі, біліктілігі мен уәкілеттілігі тексерілді.



Тізілімде № *368* тіркелген.

Өндірілді: *14.01.2007*

Нотариус: *Егемберді Заңғар*

